

**Стратегиялық объектіні иеліктен шығару және "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 13 қаулысы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Орал халықаралық әуежайы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жасанды ұшу-қону жолағын мемлекеттік меншікке өтеусіз негізде иеліктен шығаруға мәміле ж а с а с у ғ а р ұ қ с а т б е р і л с і н .

2. «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде: реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5.	«Орал» халықаралық әуежайы» ЖШС қатысу үлесінің 100 %
----	---

»;

«Халықаралық әуежайлар» деген бөлімде: реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

6.	«Орал» халықаралық әуежайы» ЖШС-нің мүліктік кешені
----	---

».

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК